

- установления универсального преследования лиц, совершивших преступления против международного права ( принцип «autdedere, autpunire»);
- признания в международном национальном уголовном праве норм о неприменимости сроков давности в отношении преступлений против международного права;
- завершения процесса кодификаций норм о международной ответственности физических лиц за преступления против мира и безопасности человечества;
- недопустимости принижения роли Международного уголовного суда в деле судебного преследования и наказания лиц, виновных совершений тягчайших международно-противоправных деяний, независимо от гражданства таких лиц, социального и имущественного положения в обществе и по другим признакам.

#### **Список использованной литературы:**

- 1 И.П. Блищенко, И.В Фисенко. Международный уголовной суд. М., 1994
- 2 В.П. Панов Международное уголовное право. Учебное пособие. М.: ИНФРА-М, 1997
- 3 Международное уголовное право в документах. Алматы :Гылым, 1999. Т.1
- 4 Уголовный кодекс Республики Казахстан-общая характеристика (в сравнений с УК Казахской ССР.) Практическое пособие. Алматы, 1999.

ӘОЖ 343.6

**Буратаева М. Қ.**

*Сулейман Демирел атындағы Университеті,  
құқық магистрі, Құқықтану кафедрасының оқытушысы,  
Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: meruert.burtayeva@sdu.edu.kz*

#### **ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ ҚЫСҚАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖІКТЕЛУІ**

**Аннотация:** В статье рассматриваются основные задачи уголовного процесса по Уголовному процессуальному кодексу Республики Казахстан.

**Кілт сөздер:** уголовное правонарушение, уголовное преследование, судебное разбирательство, применение уголовного закона.

Қылмыстық іс жүргізудің аталған міндеттері өндірістің кез-келген немесе әрбір стадиясында орын алуы мүмкін және өндірістің нысаны ретінде алдын ала тергеуде де орын алады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 195-бабында көрсетілген жағдайларда алдын ала тергеу айыптау қорытындысын жасау не қылмыстық медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберу туралы қаулы немесе қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығарумен аяқталады. Сондай-ақ алдын ала тергеу тергеушінің іс бойынша барлық мән-жайларды анықтап, зерттеп шешім шығаруға елеулі әсер етудің нәтижесінде 195-бапта көрсетілген негіздің біреуін басшылыққа ала отырып іс қысқартылады.

Қылмыстық істі кез-келген стадияда тоқтату үшін жиналған дәлелдемелерді бағалап, нақты тексеру қажет оның негізінде орын алған факті мен мән-жайлар анықталады, тек сосын ғана қылмыстық іс жүргізудің кез-келген стадиясында қылмыстық істі қысқарту іс

бойынша қорытынды кезең болады. Егер жоғарыдағы мән-жайлар мен фактілер істің қысқаруын дәлелдей алмайтын болса іс қысқартылмайды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі қылмыстық процеске қылмыстарды тез және толық ашылуын, оларды жасаған адамдарды әшкерелеуін және қылмыстық жауапқа тартуын, әділ сот талқылауы мен қылмыстық заңды дұрыс қолдануын міндеттеп, бұл мақсатты орындау барысында қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан сақтауды, олардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда – оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуін, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуды, қылмыстың алдын алуын, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесу міндеттерін жүктейді.

Міндеттер жеке-жеке салаға бағытталғанмен, олардың ең басты міндеті – Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында бекітілген мынадай қағидаларын жүзеге асырылуын қамтамасыз ету:

- Әркімнің құқық субъектісі ретінде тануылына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

- Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

- Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңға көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі [1].

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін заңды қолдану органдарына және сот саласына қылмыстық іс қозғаудан бастап ақырғы шешім қабылдауға, ал іске қатысушы талаптарға іс жүргізу барысында шешім қабылдауға тікелей өз талаптарын жүзеге асыруға құқықтар көзделген.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша қозғалған қылмыстық іс екі түрлі шешіммен аяқталады: түпкілікті және уақытша іс жүргізуді тоқтата тұру.

Түпкілікті шешім – істі қысқарту туралы қаулы алуымен, айыптау немесе ақтау үкімімен шығарылады. Түпкілікті шешім қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтаумен бекітеді:

а) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу толық қысқартылғандығы туралы қаулының күшіне енуі бойынша;

ә) үкімнің немесе іс бойынша басқа да түпкілікті шешімнің күшіне енуі бойынша – егер ол оны атқару жөнінде арнаулы шаралар қабылдауды қажет етпесе;

б) үкімнің немесе іс бойынша басқа да түпкілікті шешімнің орындалғандығы туралы растау алынуы бойынша – егер ол оны атқару жөнінде арнаулы шаралар қабылдауды қажет ететін болса (52-бап) [2].

Ғасырлар бойы жиналған қылмыстық іс жүргізу тәжірибесі түпкілікті шешімдерге де нұқсан келтіретін мән-жайлардың болуын анықтаған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі ол мән-жайларды «Соттың заңды күшіне енген шешімдерін қайта қарау жөнінде іс жүргізу» бөліміне топтастырған. Бөлім екі тарауға жіктелген: біріншісі (50-тарау) – қадағалау сатысындағы іс жүргізу тәртібіне, екіншісі (51-тарау) – жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау мәселелеріне.

Талдап отырған тарау тек қана соттың барлық сатыларының заңды күшіне енген шешімдерін қайта қарау құқылығына арналған. Бірақ бұл шешімдердің жаңадан ашылған

мән-жайларға байланысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері қатарына заң (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 471-бабының 3-бөлімі) үкіммен қатар соттың, прокурордың, тергеушінің немесе анықтаушының мынадай негіздермен қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысы арқылы мүмкіндігін қосады:

- мерзімнің ескіруіне орай;
- рақымшылық немесе кешірім жасау актісінің нәтижесі;
- айыпталушының қайтыс болуына немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту жасына жетпегендігіне байланысты.

Келтірілген негіздер бойынша қылмыстық іс жүргізу мақсаты және мазмұны қылмыстық істің басталмауын, басталған істің аяқталуын және олармен қатар қылмыстық іс жүргізуді қайта бастау негізін қалайды. Ал қылмыстық істі жүргізуді тоқтата тұру анықтаушының, тергеушінің немесе соттың қаулысымен қабылданады.

Қылмыстық – процессуалдық заңға сәйкес алдын ала тергеу органдары мен сот қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде, ең алдымен, қылмыс оқиғасының орын алған-алмағандығы, әрекетте қылмыс құрамының бар-жоқтығы, әрекетті белгілі бір адамның жасаған-жасамағандығы туралы және сол қылмысты жасауда әлгі адам кінәлі ма деген мәселелерді шешуге міндетті (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 117-бабы).

Көрсетілген мәселелердің барлығы айыптаумен шешілген жағдайда, тергеуші айыпталушыны және оның қорғаушысын, жәбірленушіні, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін іс материалдарымен таныстырып, таныстыру туралы хаттама алып, ұсынылған өтініштерді шешіп, айыптау қорытындысын жасап, істі сотқа жіберу үшін прокурорға береді. Прокурор айыптау қорытындысымен келіссе, айыпталушыны сотқа береді.

Қылмыстық істі қысқарту оны қозғаудан бас тартумен тығыз байланысты. Ол байланыс қылмыстық істі қозғаудан бас тартудың негіздері мен оны қысқартудың негіздері бір баптың ішінде (Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 37-бабының бірінші бөлігінде) көрсетілген. Заң, сонымен, қылмыстық іс бойынша өндірісті бастауға не оны жалғастыруға болмайтын негіздерді жеке-жеке белгілейді. Сөйтіп, заңға қарсы іс қозғалу мүмкіндігін жоққа шығарады. Өйткені, қылмыстық істің дұрыс қозғалмауы қатерлі қателіктерге әкеп соқтыруы мүмкін.

Қылмыстық іс, негізінен, қылмыс құрамының белгілері оқиғаның өзінде орын алған жағдайда қозғалады. Қылмыстық істі қозғау үшін оқиғаны қоғамға қауіпті деп сипаттайтын белгілердің табылуы жеткілікті. Қылмыс құрамының басқа элементтерін айқындау-анықтау және тергеу органдарының міндеті.

Қылмыстық істі қозғау тек заңға сәйкес шешім қабылдауға кедергі жасайтын мән-жайлар жоқ болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Олар кейде қылмыстық істі қозғау сәтінде белгісіз де болуы мүмкін. Оларды анықтау үшін, олардың дұрыстығына көз жеткізу үшін іс бойынша өндірісті бастап, бірқатар тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болады. Ал бұл, әрине, қылмыстық істі қозғамай мүмкін емес.

Қылмыстық істі қысқарту айып тағылғанға дейін де және одан кейін де орын алады. Өйткені айып тағылған сәтте тергеуде барлық дәлелдемелердің бола қоюы күмәнді, ал тергеуді әрмен қарай жүргізу барысында істі қысқартуға жатқызатын мән-жайлар анықталуы күмәнсіз.

Кейде істі сотқа өткізу, сот талқылауы, апелляциялық және қадағалау өндірісі сатыларында қарау кезінде, анықтау немесе алдын ала тергеу процесі барысында жинақталған іске қатысты барлық материалдар басқаша бағаланып, жаңа мән-жайлар

анықталып жатады. Апелляциялық және қадағалау сатылары басты сот шешімінің заңдылығын, негізділігін тексергенде Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 37-ші, 38-ші баптарында және 269-баптың екінші бөлігінде бекітілген мән-жайларға да аса көңіл бөлуге тиіс.

Сонымен, қылмыстық істі қысқарту – бұл анықтау органдарының, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, соттың заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын қылмыстық-процессуалдық әрекеттері. Олар дәлелдемелерді жинау және фактілерді анықтау жөніндегі қызметтің бір саласы болып табылады, іс материалдарына баға беруде, шешім қабылдауда заңды негіздер статусына ие болады.

Заң қылмыс белгілері анықталған әрбір жағдайда қылмыстық істі қозғау жөнінде прокурордың, тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының міндеттерін көрсете отырып, сонымен қатар, бұл органдарға, егер Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 37-бабында көзделген мән-жайлардың бірі анықталса, онда іс қозғаудан бас тартуды немесе қылмыстық ізге түсуді тоқтатуды міндеттейді. Істі қысқарту міндеті сотқа да жүктелген (басты сот талқылауын тағайындау туралы сот отырысына, бірінші, апелляциялық және қадағалау сатыларына).

Демек, қылмыстық істі қысқарту жиналған дәлелдемелерге басқа баға берілгенде не әрмен қарай қылмыстық ізге түсуді жоққа шығаратын жаңа мән-жайлар ашылғанда жүзеге асырылатыны анықталады. Істі сотқа өткізу үшін, заңда көрсеткендей, тергеу органдары айыпталушының кінәлі екендігіне сенімді болу керек. Сондықтан да қылмыстық істі қысқарту тек сол іс қарауында жатқан анықтау органдарының, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың, судьяның құзырына жатады. Олардың істі қысқарту туралы қорытындыны заңға сүйене отырып, іске қатысты барлық мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті бағалау нәтижесінде жасайтын міндеті заңмен бекітілген. Заңдылық принципі қылмыстық-процессуалдық қызметте барша мемлекеттік органдары жұмыстарының мәні болып табылады[3].

Қылмыстық іс материалдық қылмыстық заңның нормаларына негізделініп, процессуалдық заңдарға сілтеме жасалынып, қысқартылуға тиіс. Қылмыстық-процессуалдық нормалар тергеу органдары мен сотқа өз қызметтерін дұрыс ұйымдастыруын қамтамасыз етіп, олардың шешімдерінің заңдылығын, негізділігін және әділеттілігін жоғары инстанциялардың тексеруіне мүмкіндік береді. Тергеу және сот органдары қылмыстық істі қысқарту кезінде қылмыстық-процессуалдық заңды басшылыққа алуға, оның баптарына сілтеме жасауына міндетті. Айтылғандарға орай, қылмыстық іс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, конституциялық заңдармен, Қылмыстық іс жүргізу кодексімен айқындалатынын көрсететін Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 1-бабын атауға болады.

Қылмыстық істің дұрыс, заңға сүйеніп қысқартылуының мәні зор. Қылмыстық істің қысқартылуы ақиқатты анықтауға негізделу арқылы кінәсіз адамның қылмыстық жауапқа тартылу, оған процессуалдық мәжбүрлеу шараларының қолданылу, оны сотқа беру, соттау және жазалау мүмкіндігі жойылады.

Қысқарту нысанында қылмыстық іс бойынша өндірістің аяқталуы тек сол оқиғаға ғана байланысты емес, сондай-ақ, сол іс бойынша айыпталушы ретінде жауапқа тартылған нақты адамға да қатысты болуы мүмкін. Нақты адамға қарсы қылмыстық ізге түсу тоқтатылуы – кінәсіздік ізге түсуден құтқарады және сонымен қатар тергеу органдарының және соттың назарын нағыз қылмыскерлерді анықтауға һәм әшкерелеуге аударады.

Қылмыстық істі қысқарту ұғымының анықтамасына келетін болсақ, бұл мәселе жөнінде заң ғылымында әлі бірыңғай пікір қалыптаспағанын атау керек. Аталмыш ұғым анықтамасының көптігі бұл саланың жан-жақты зерттелмегенін және қарастырылып отырған институттың күрделі екендігін аңғартып отыр. Тілге тиек етіп отырған құқықтық институттың әр түрлі анықтамаларын талдау барысы көрсеткендей, қылмыстық істі қысқарту ұғымдарын қараған кезде авторлар олардың мынадай елеулі тұстарын атап өтеді.

Теориялық әдебиеттегі әртүрлі көзқарастарды талдаудан бұран бұл жерге бұранғы қолданыста болған екі қылмыстық іс жүргізу кодекстеріндегі қылмыстық істі қысқарту ережелерін келтіргенді жөн көрдік.

Себебі олардың біраз ережелері жаңа Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде орын алды.

Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы қылмыстық-процессуалдық қатынастарды тоқтатуға әкеп соғатын заңдылық факті қызметін атқарады. Қылмыстық істің дұрыс, әрі заңға негізделіп, алдын ала тергеу барысында қысқартылуының мәні зор. Мұның алдын ала тергеуді аяқтаудың нысандарының бірі ретінде танылуының маңызы аз емес. Өйткені бұл істі қысқартуды, өзінің процессуалдық мәні бойынша істі айыптау қорытындысын шығарып, сотқа жіберумен тең, тергеуді аяқтаудың бір түрі ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі ақталатын негіздер бойынша қылмыстық істің қысқартылу мәні, алдын ала тергеуді айыптау қорытындысымен аяқтаудан бірде-бір кем емес. Расында да, қылмыстық сот өндірісінің міндеті тек қылмыс жасағандарды соттау, оларға жаза қолдану емес, сонымен қатар қандай да бір себептермен күдікті немесе айыпталушы ретінде жауапқа тартылғандарды дер кезінде жауаптылықтан босату не ақтау болып табылады.

Жалпы айтқанда қылмыстық істің негізді немесе негізсіз қозғалғандығының қарастырылып отырған проблемалар аясында ешқандай мәні жоқ. Егер қылмыстық іс заңды және негізделген түрде қозғалғанымен, бірақ алдын ала тергеу барысында қылмыс белгілері туралы алғашқы ақпараттар расталмаса, онда қылмыстық істің заңсыз немесе негізсіз қозғалған кезіндегі сияқты оның дер кезінде қысқартылуы өте маңызды.

Қылмыстық істі ақталмайтын негіздер бойынша қысқартудың да мәні кем емес. Біріншіден, қылмыстық жауаптылықтан босатылатын азаматтар әрмен қарай өзінің тәртібімен парасаттылығын дәлелдеуге мүмкіндік алады. Екіншіден, алдын ала тергеу органдары өздерінің назары мен күш-қуатын адамдардың және жалпы қоғамның мүдделеріне зор шығын келтірген қоғамға қауіпті деп танылатын қылмыстарды тергеуге бағыттай алады.

Қылмыстық істі қысқарту жәбірленушінің де құқықтарын бұзбайды.

Біріншіден, жәбірленуші қылмыстық істі қысқарту туралы тергеушінің немесе анықтау органының қаулысына шағымдануға құқылы.

Екіншіден, қылмыстық іс ақталмайтын негіздер бойынша тек оң сипатталатын адамға қатысты қысқартылуы мүмкін. Мәселен, бұл адам қылмыстық іс қысқартылғанға дейін жәбірленушіге байланысты барлық проблемеларды шешеді, оған келтірілген зиянның орнын толтырады. Бұлай болмаған жағдайда анықтау органның, тергеушінің қылмыстық істі қысқартуы екіталай. Өйткені соттың қанағаттандырылмаған жәбірленушінің шағымы бойынша мұндай қаулының күшін жою мүмкіндігі күмәнсіз.

Үшіншіден, қылмыс құрамының жоқтығына байланысты немесе айыпталушының қылмыс жасауға қатысқандығы дәлелденбегені үшін қылмыстық істің дер кезінде тоқтатылуы, сол қылмысты шын мәнінде жасаған адамды тезірек анықтауға, яғни жәбірленуші құқығының қорғалуына мүмкіндік туғызады.

Бұл және өзге де ізбасарлық факторлар мыналарды сөз етеді, онда:

– қылмыстық қудалауды болдыртпайтын мән-жайлар туралы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 37-бабын Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 177-бабының 2-бөлігі шегінде қолдануға мүмкін емес және «іс жүргізуді болдыртпайтын мән-жайлар» түсінігімен тең алмастыру ретінде түсіндіріледі;

– істі жүргізуді болдыртпайтын мән-жайларға көңіл аударатын Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 177-бабының 2-бөлігінің редакциясының дұрыстығы күдік туғызады: өйткені, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 27-тармағына сәйкес іс жүргізу; – бұл нақтылы қылмыстық іс бойынша, оны қозғау, сотқа дейінгі дайындық, сот талқылауы және соттың үкімін (қаулысын) орындау барысында жүргізілетін процессуалдық іс-әрекеттер мен шешімдердің жиынтығы.

Жоғарыда сөз етілгендерге байланысты Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қылмыстық іс жүргізуді болдыртпайтын мән-жайларды емес, онда қылмыстық істі қозғау деп тану қажеттігін толық регламенттеуін беретін нормаларды көздеу қажет. Әлбетте, іс жүргізуді болдыртпайтын мән-жайлар іс жүргізудің кез келген сатысында табылуы мүмкін, сондықтан бұл мән-жайлар Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормаларында әрбір жеке сатылардың шегінде саралану жолымен бекітілуі дұрыс[5, 726.].

Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы заңды факт болып табылады, нәтижесінде қылмыстық процессуалдық қатынастар тоқтатылады. Оның маңызы жоғары. Алдын ала тергеудің аяқталуының бір формасы ретінде қараудың ролі елеулі, себебі: қылмыстық істі қысқартуды тергеудің аяқталуының заңды нысаны деп қарастыруға мүмкіндік береді, өзінің процессуалдық маңызы жағынан айыптау қорытындысы болса, істі сотқа жіберумен тең келеді.

Қылмыскер өзінің әрекетіне өкініп, түзелем деген ниетпен әрекет жасаса оның ақталуға мүмкіндігі туады деген пікірдеміз. Біздің бұл пікірімізді С.А. Шейфер тереңірек ғылыми түрде түсіндірме береді.

С.А.Шейфер азаматты қылмыстық жауаптылыққа негізсіз тартпаудың процессуалдық кепілі қылмыстық істі қысқарту болып табылады. Сот өндірісінің мақсаты болып, тек қана қылмыскерді жауапкершілікке тарту мен соттау емес, сонымен қатар сезікті айыпталушы ретінде ұсталған тұлғаларды уақытылы ақтау қажет. Себебі біз сезіктіні немесе айыпталушыны кінәсі дәлелденбесе ұзақ уақыт қамауда ұстай алмаймыз, яғни тиісті органның нақты дәлелдемелері болмаса ұстау мерзімі өткеннен кейін ұстауға құқығы жоқ. Кінәсіздік презумпциясы туралы сөз қозғауға болады. Әр адам оның қылмыс жасағаны үшін кінәлілігі дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады [7].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: «ЮРИСТ», 2015. – 146 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: «ЮРИСТ», 2013. – 247 б.
- 3 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі алқасының 2003 жылғы 3-қыркүйектегі № 2н – 106-03 Қаулысы // Жоғарғы Соттың 2003 жылғы мұрағаты.

4 Толеубекова Б.Х., Ерешев Е.Е. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая: академический курс / под ред. д.ю.н., проф. Б.Х. Толеубековой. Кн. 1. – Алматы.: ТОО Издательская компания «НАС», 2004. – 421 с.

5 Толеубекова Б.Х., Проблемы усовершенствования уголовно-процессуального законодательства о досудебном производстве // Обеспечение конституционных прав граждан в досудебных стадиях уголовного процесса: мат-лы междунар.науч.-практ.конф. – Астана: Фолиант, 2006. – 147 с.

6 Миньковский Г.М. Окончание предварительного расследования и право обвиняемого на защиту. – М.; 1957. – 211с.

7 Шейфер С.А. Следственные действия. Система и процессуальная форма. М.: Издательство «Юрлитинформ», 2001. - 208 с

УДК № 342

**Булекбаева Р. У.**

*к.ю.н., доцент, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Казахстан, Алматы*

[raziya.2011@mail.ru](mailto:raziya.2011@mail.ru)

## **СООТНОШЕНИЕ ГОСУДАРСТВА И ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА. ПРЕДЕЛЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ**

Анализ положений Конституции Республики Казахстан однозначно свидетельствует именно о рыночном характере устанавливаемой ею экономической системы. Более того, можно отметить, что нормы Основного закона более применимы для рыночной экономики с минимальным вмешательством государства для экономики, в которой государство выполняет роль сторожа, но никак не активного участника рыночных отношений. Однако, отмечая эту особенность экономики Казахстана, на наш взгляд, нужно отметить, что стремление преодолеть недостатки огосударственной экономики и общества со свободным рыночным хозяйством вызвало изменение взглядов на границы государственного воздействия на сферу экономики. Здесь имеется в виду то, что некоторыми экономистами сегодня осознан тот факт, что нежелательные последствия в сфере современных экономических отношений порождены не рыночной экономикой самой по себе, а тем, что капитализм изменял таким основополагающим принципам рыночной экономики, как свободная конкуренция и свободное ценообразование, попытками создать свободную рыночную экономику за счет создания коллективных форм хозяйствования и государственного регулирования цен.

Успешность или безуспешность развития любой экономики зависит, в конечном счете, от множества причин. Не в последнюю очередь зависит она и от экономической политики государства. В частности от правильно выбранной государством экономической стратегии, ее осмотрительности и прагматизма при выборе или смене приоритетов экономического роста. Очень многое в развитии экономики, как показывает история, зависит и от политико-правового поля, создаваемого государством для развития экономики. В этом плане особое место принадлежит Конституции страны, которая определяет фундаментальные нормы регулирования экономических отношений.

Как показывает исторический опыт, Конституция страны может открыть дорогу для быстрого развития экономики и предпринимательства или поставить труднопреодолимые барьеры, сдерживающие развитие экономики. В контексте данного утверждения несомненный интерес представляет позитивный опыт конституционного регулирования экономических отношений